**«Мерейлі отбасы-2021» ұлттық конкурсының жеңімпаз отбасылар бойынша**

| № | А.Ә.Т | Мәлімет |
|---|---|---|
| 1 | **Бас жүлде Шиелі ауданы, Әбілдашовтар отбасы.**<br><br>*(Агрономдар әулеті - бас жүлде).*<br><br>Шиелі ауданы, Жиделіарық ауылы, Оқыш ата көшесі 8 үй | Әбілдашев Шазат 1939 жылы 5 мамырда Қарғалы ауылдық округіне қарасты Тақыркөлде дүниеге келген. Еңбекші ауылында кешкі мектепті бітірген. 1968 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы сырттан оқыту орта мектебінің толық курсын бітірген.<br>1958-1971 жылдары Ленин орденді «Пахтаарал» совхоз-техникумында оқып «Агроном» мамандығы бойынша бітірген. 1971-1975 ж.ж. Гигант, Коммунизм колхоздарында агроном көмекшісі; 1975-1993 ж.ж. Жиделі ауылында есепші, бригадир, 1993-1997 ж.ж. Коммунизм колхозында қойма меңгерушісі қызметтерін атқарған.<br>Әбілдашева Шырын 1942 жылы 10 қаңтарда Өзбекстан Республикасында дүниеге келген. 1958 жылы Еңбекші совхозына көшіп келген. 1963-1998 ж.ж. Коммунизм колхозында жұмысшы, шөпші, бұзау бағушы, аспазшы жұмыстарын атқарған. **Батыр ана. "Алтын алқа" иегері.** 1962 жылы отау құрған биыл 59 жыл. **10 бала *(7 ұл, 3 қыз)* 42 немере, 12 шөбересі** бар.<br>Үлкен ұлы Нұғман әке жолын қуып республикаға белгілі ғалым агроном, қазіргі таңда теплицаға көкеніс өсірумен айналысады, жеке кәсіпкер. 7 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жолдасы Төрениязова Күлайхан **«Күміс алқа»** иегері, қызы Марина Бәйтерек ауылы №148 қазақ орта мектебінде технология пәні мұғалімі, ұлы Бағдат Алматы қаласы Ветеринарлық Ұлттық Референттік орталығының қызметкері, ал Әлия Қызылорда қаласындағы "Облыстық Кеңес беру Диагностикалық Орталығының" кардиолог – дәрігері. Нұрлан «Тенгиз» мекемесінде жүргізуші, қызы Айгуль Шиелі аудандық оқушылар үйінің қосымша білім беру педагогы, ал ұлы Ерлан Жиделіарық ауылдық округінің әкімі, ұлдары Қайрат пен Марат жеке кәсіпкер. Келіндері **Ақмарал мен Жазирада** енелерін жолын қуып **«Күміс алқа»** иегерлері. |
| 2 | **І орын Жаңақорған ауданы ауданы, Түкібаевтар шеберлер отбасы**<br><br>Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылдық округі Құрбан ата №9 | Түкібаев Аманкелді 15.01.1939 ж. дүниеге келген. 1962-1994 ж.ж. «Красная звезда» кеңшарында жұмысшы, Төменарық ауылында малшы болып жұмыс атқарған. Ауыл Кеңесінің депутаттығына сайланған. Сунақ ата ауылындағы мешітте бас есепші қызметін атқарған. Ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы. Қажылыққа барып келген.<br>Байтемірова Пернекүл 20.07.1940 ж. дүниеге келген.Батыр анна "Алтын алқа" иегері. Пернекүл апа мал шаруашылығында жүріп сауыншы қызметін атқарған №194 орта мекетебінде тех қызметкер болған бала тәрбиесімен отбасында отырғанда киіз басып кілем, қоржындар тоқып аңның малдың терілерін илеп киімдер тіккен құрақ көрпешелер құраған 13 баланы дүниеге алып келген алтын құрсақты ана алтын жұлдыз иегері қазіргі кезде 9 бала, 36 немере, 5 шөбересі бар.<br>Балалары Күлдариха Алматы қаласында тігінші, Ұлболсын Сунақата ауылының №242 мектеп мұғалімі, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әбділлахан жеке кәсіпкер, Үміткүл №223 мектеп тәлімгері, Серік Шиелі ауданы «Волковгеология» АҚ бұрғылау машинисті, Гүлсім Бас аспазшы, Айсұлу №110 мектеп мұғалімі, Жұлдыз балабақша әдіскері, Түкібаев Дәурен «Балауса» ЖШС дәнекерлеуші болып жұмыс атқарады. |
| 3 | **II орын**<br>**Қармақшы ауданы, Қартабаевтар теміржолшылар отбасы.**<br><br>**Қармақшы ауданы, Қызылтам станциясы, Ескіжылуан көшесі №34 үй** | Қартабаев Рақымжан 16.12.1936 ж. дүниеге келген<br>Сарбасова Алматай 03.05.1942 жылы дүниеге келген 2015 жылы қайтыс болған. Батыр ана. "Алтын алқа" иегері 10 бала, 24 немере, 15 шөбересі бар.<br>Қартабаев Рақымжан 10 жасынан қырманда жұмыс жасаған, 1952 – 1992 ж.ж. Темір жол саласында қызмет атқарып, зейнеткер шыққан. Ұлы Қартабаев Рахматулла білім саласының саласының, №1 кәсіптік-техникалық колледжінде мұғалім болған;<br>Келіні Досанова Үршат медицина саласының ардагері. 2 балалары бар. Ұлы Қартабаев Нағымет темір жол салсының маманы монтер пути; Келіні Есқараева Сәуле дәрігер. 3 балалары бар. Қызы Қартабаева Жұпаркүл қазіргі уақытта зейнеткер; Күйеу баласы Қуатбаев Яхия Дүр Оңғар ауылында « Жаңа жол» ЖШС-де күріш алқабында механик болып жұмыс істейді. 6 балалары бар; Қызы Қартабаева Тұмар Жалағаш аудандық № 19 санаторлық балабақшасының тәрбиешісі. Қызы Қартабаева Шынаркүл № 113«Қаракөл» орта мектебінде бастауыш пәні мұғалімі; Күйеу баласы Сүлейменов Еркін жеке мал шаруашылығымен айналысады. 4 балалары бар. 6. Қызы Қартабаева Шырынкүл Жалағаш аудандық «Жас қанат» балабақшасында тәрбиеші; Күйеу баласы Есназаров Ермек теміржолшы Қызылорда жол дистанциясы ПЧ 57 1 околот. 4 балалары бар. Ұлы Қартабаев Жұмахмет жеке мал шаруашылығымен айналысады; Қызы Қартабаева Сауле мал дәрігері; Күйеу баласы Әбденов Самат жеке кәсіпкер. 1 балалары бар. Қызы Қартабаева Жаңагүл Қызылтам ауылдық ФАП медпункінде медбике, тұрмыс құрмаған; Ұлы Қартабаев Қыдырбек Қазалы жол дистанциясы, ПЧ 60 теміржолшы, монтер пути; Келіні Қосқожаева Айгүл ауылдық клуб әдіскері. 5 балалары бар. |
| 4 | **III орын**<br>**Жалағаш ауданы, Шуақбаевтар отбасы.**<br><br>**Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Зейнадин Лекеров көшесі №7 үй** | Шуақбаев Науқанбай Ералыұлы -1930 жылы дүниеге келген, 2020 жылы қайтыс болған.<br>Сырбаева Іңкәр 1937 жылы дүниеге келген. Батыр ана. "Алтын алқа" иегері 10 бала, 24 немере, 14 шөбересі бар.<br>1947 жылы Қызылорда педагогикалық училищесін бітірген. Қазақстан колхозы, Аққұм совхозы, совхоз партия комитеттерінде қызмет атқарған. 1973 жылдан бастап №38 мектепте мұғалім болған. 2017 жылы «Тарих тағылымы», 2021 жылы «Ұлы отан соғысы шежіресі» кітаптары жарық көрген.<br>1955 жылы Сталин атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Қызылорда қаласындағы кітапханашылар курсына оқуға түсіп, білім алды. 1956 жылы аудандық кітапханада жұмыс істеді. 1961-1964 жылдары мектепте іс жүргізуші, 1968 жылдан бастап совхоздың сиыр фермасында жұмысшы, бақташының көмекшісі болып жұмыс істеді. Ұлы Шуақбаев Серік «Бақдаулет» шаруа қожалығының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері. Келіні Шаймбетова |

| | | |
|---|---|---|
| | | Гүлжан медицина саласының ардагері Аққұм ауылдық округінің ауруханасында аға аяжан болып қызмет атқарған. 4 баласы бар. Қызы Ералиева Гүлнар «Orda School» мектебі мұғалімі. Тұрмыс құрмаған. Ұлы Шуақбаев Сейілхан №201 орта мектебі директорының орынбасары. Келіні Дауылбаева Айткүл қаржы бөлімінің есепшісі. 3 балалары бар. Ұлы Ералиев Төрехан *2016 жылы науқастанып өмірден өтті.* Келіні Сыдықова Маудия Тынысбекқызы. 1962 жылы туылған. *3 баласы бар.* Ұлы Шуақбаев Әділ Жалағаш аудандық су шаруашылығының инженері, Келіні Толыбаева Айгүл үй шаруасында. 3 баласы бар. Қызы Шуақбаева Гүлназ Жамбыл облыстық онкологиялық ауруханасының есепшісі. Күйеу баласы Қожагелдиев Қайрат Тараз қаласында жеке кәсіппен айналысады. 5 баласы бар. Қызы Шуақбаева Гүлжан қазіргі таңда саудамен айналысады. Қызы Шуақбаева Жанар Алматы қаласы №180 балабақшасында тәрбиеші болып қызмет атқарады. Отбасылы, 3 баласы бар. Алматы қаласы ҚазҰПУ – ды «Бейнелеу және сәндік қолданбалы өнер» мамандығы иегері. Жеке кәсіпкер. Күйеу баласы Баймұратов Нұрлан Алматы қаласы ҚазҰПУ – ды «Бейнелеу және сәндік қолданбалы өнер» мамандығы иегері. Жеке кәсіпкер. 3 балалары бар. Қызы Шуақбаева Гүлдана №9 мектеп-гимназиясының «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Күйеу баласы Жабағиев Аслан жеке кәсіпкер. 3 баласы бар. 10. Шуақбаев Қабыл 1967 жылы туылған.1994 жылы қайтыс болған. Әйел балалары жоқ. |
| **5** | **Қызылорда қаласы, Рсалиевтер әулеті. Өнегелі отбасы номинациясы**<br><br>Қызылорда қаласы, Ә.Науанов көшесі №13 үй. | Махамбаева Ұмытхан зейнеткер. Отбасында 9 бала тәрбиелеуде 23 немересі мен 12 шөбересінің Үлкен ұлы Мыса Рсалының жұбайы Күнзияш Аплатинова Қазақстан Педогогикалық ғылымдар Академиясының мүшесі, «Үздік ұстаз» және «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері. Ерболат Рсалиев ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың құрметіне бөленген. Облыс және қала әкімдерінің алғыстарын алған. «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісінің иегері. Қызы Нұрсәуле филология ғылымдарының кандидаты, «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Ұлы Нұрболат Рсалиев ҚР Президентінің жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен наградталған. Рсалиев Жолмырза «Кендентранссервис» АҚ басқарушы директоры. Құрметті теміржолшы. Жұбайы Ақмарал Ноғайбаева «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері. Қызы Рсалиева Жанар жоғары санатты дәрігер, бөлім меңгерушісі. Жолдасы Мақсат мұнай-газ саласының қызметкері. Ал, Анар Рсалиева болса білім мекемесінде қызмет атқарады. Кенже ұл Бекболат пен келіні Аягөз қос кәсіпті қатар алып келе жатқан кәсіпкерлер. Рсалиевтер отбасы Қызылорда қаласының тұрғындары.<br>Елбасының жарлығы бойынша «Алтын алқа» иегері атанған Махамбаева Ұмытханның ұл-қызы ата кәсібін жалғастырып, адал еңбек маңдай терлерімен халыққа қалытқысыз қызмет етіп келеді. |
| **6** | **Қазалы ауданы, Мырзағұловтар** | Мырзағұлов Әбдіраш Мырзағұлұлы жасы-79 да, Совхозда күріш егіп, мал баққан. Отбасында 9 бала дүниеге келген, 2 |

| | | |
|---|---|---|
| | **отбасы «Рухты отбасы» номинациясы**<br><br>**Қазалы ауданы, Бекарыстанби ауылы, Ізмағамбетова көшесі №11 үй** | бала қайтыс болған. 35 немере,15 шөбересі бар. Мырзағұлова Салима жасы -74-те. сауыншы болған. Күміс алқа иегері. 2016 жылы Қазалы ауданының әкімі «Алғыс хат»; 2018 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 27 жылдық мерекесінің төсбелгісімен және «Алғыс хат», Ауылшаруашылық саласы бойынша «Ауыл жанашыры-2019» номинациясымен марапатталған; Қызы Мырзағұлова Гаухар 2020 жылы «Абай әлемі» байқауында II орын; Облыстық білім басқармасының «Құрмет Грамотасы» иегері; Хореография жанры бойынша өнер көрсеткен Әбдіраш Гүлжайна дипломмен Халықаралық өнер фестивалінде бас жүлде. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы, Ізмағамбетова №11үй үйдің тұрғыны.<br>Отбасында 9 бала дүниеге келген, 2 бала қайтыс болған. 35 немере,15 шөбересі бар. Мырзағұлова Салима жасы -74-те. сауыншы болған. Күміс алқа иегері,Мырзағұлова Ақжарқын 1967 жылы Бекарыстан би ауылында дүниеге келген. Білімі орта. Жолдасы Үмбетов Ернар екеуі бас қосып, 4 бала, 2 немере сүйіп отыр.Мырзағұл Абыл Әбдірашұлы 1969 жылы Бекарыстан би ауылында дүниеге келген. Мал шаруашылығының жылқы өсірумен айналысады. Жұбайы: Дилимбетова Толқын Қонысбайқызы. Жары екеуі 2 қыз,1ер бала тәрбиелеп, 5 немере сүйіп,ата-әже атанып отыр.Балаларының барлығы өсіп,өнген,қызметкерлер,отбасында бала тәрбиелеп,немере сүйіп отқан бақытты отбасы. |
| **7** | **Сырдария ауданы, Мақпалбаевтар әулеті «Ұлағатты отбасы» номинациясы**<br><br>Сырдария ауданы. С.Сейфуллин ауылы, Е.Аханов көшесі №2 үй | Мақпалбай Сайлау Бақышұлы 1950 жылы 16 наурызда дүниеге келген. Зейнеткер. Сырдария ауданы. С.Сейфуллин ауылының тұрғыны Ауылшаруашылық саласында 41 жыл еңбек еткен. Бас бухгалтер, экономист болып қызмет жасаған. 5 ұл-қыз, 20 немере тәрбиелеп отыр. Қазіргі таңда С.Сейфуллин ауылының ардагерлер кеңесі төрағасы Қыдырбаева Айткүл Әнешқызы (отанасы) - білім беру саласында 41 жыл қызмет жасаған. Атап айтсақ, бастауыш пәні мұғалімі болған. Ауыл, аудан әкімдерінің Алғыс хаттары, Құттықтаулары. Сырдария ауданының 90 жылдығы төсбелгісімен марапатталған. С.Сейфуллин ауылының 45 жылдық мерейтойын ұйымдастыруға атсалысқаны үшін Алғыс хаттармен марапатталған. Ауыл, аудан, республика көлеміндегі алғыс хаттар мен құрмет грамоталары. Қазақстан Республикасы білім министрінің Құрмет грамотасы. Ауыл, аудан, облыс әкімдерінің алғыс хаттары мен құттықтаулары. 2020 жылы "Қызылорда облысының құрметті ардагері" төсбелгісімен марапатталған.<br>Ардақты әке, ата. Қыдырбаева Айткүл Әнешқызы - отанасы. 1953 жылы 30 қыркүйегінде Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Құндызды май ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1970 жылы Ленинің 100 жылдығына арналған республикалық жарысқа қазақ оркестрімен барып, алтын медальмен наградталған. 1972 жылы өзі оқыған №137 қазақ орта мектебіне бастауыш сынып және 1-7 сынып аралығында музыка пәні мұғалімі болып орналасты. 1973 жылы осы ауылдың тұрғыны Мақпалбай Сайлаумен тұрмыс құрып, 5 бала тәрбиелеп өсірдім. Қазір |

| | | |
|---|---|---|
| | | сол 5 баладан 20 немере сүйіп отыр. 17 жыл кәсіподақ ұйымының төрайымы болған. Қыдырбаева Айткүл Әнешқызы - 30.09.1953 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, С.Сейфуллин ауылында дүниеге келген. |
| **8** | **Арал ауданы, Рысмағамбетовтар әулеті. «Ынтымақты отбасы» номинациясы**<br><br>**Арал ауданы, Жақсықылыш кені, Абай көшесі №13** | Рысмағамбетов Нұрлыбек Өтеуұлы 1967 жылы 5 шілдеде туылған Қызылорда политехникалық «гидротехникалық құрылыс» факультетіне оқуына түсіп, 1985 жылы Отан қорғау борышын өтеу үшін Ресей мемлекетіндегі Владивостокта Тынық мұхитында 3 жыл сүңгуір қайықта борышын өтеген. 1988 жылы әскерден келіп «Аралсоль» комбинатына жұмысқа тұрып, комбинатта жұмыс жасап жүріп аудандық, облыстық қол күрес жарысына қатысқан. Жұмыстан қол үзбей жүріп 2003 жылы Қ.Жұбановатындағы Ақтөбе мемлекеттік универстетіне «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша оқуға түсіп 2008 жылы аяқтады. Арал ауданы, Жақсықылыш кентіндегі №19 орта мектепте дене тәрбиесі пәні "ЗЕРТТЕУШІ" жоғары санатты мұғалімі. Отбасында 93 жастағы қарт анасы Рысмағамбетова Зияш "Батыр ана", "Алтын алқа" иесі және тыл ардагері. Жұбайы Рысмағамбетова Роза екеуі 4 ұл бала тәрбиелеп, 2 немере сүйіп отыр. Спорттық «АРМРЕСТЛИНГ» қол күресімен айналысып жеткен жетістіктері: 2017 жылы Азия чемпионатының 2 орын күміс жүлдегері, 2018 жылы Азия чемпионатының 2 орын күміс жүлдегері, 2019 жылы Азия чемпионатының 1 орын алтын медаль иегері. Қазақстан чемпионатының 7 дүркін жүлдегері, Арал ауданының 15 дүркін жүлдегері: Осы жетістерінің арқасында "ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТ ШЕБЕРІ" атағы берілді. |